

*«2025-2027 жылдарға арналған
Республикалық бюджет туралы»
мәселе бойынша
ҚР Парламенті Мәжілісінің
пленарлық отырысындағы
ҚР ҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы
Астана қ., 2024 жыл, 30 қазан*

Құрметті Ерлан Жақанұлы!

Құрметті депутаттар!

Алдымен, **әлемдегі экономикалық жағдайға** тоқталып өтейін.

Биыл жаһандық экономиканың дамуына геосаяси тұрақсыздық ықпал етіп келеді. Бұл бірқатар әскери қақтығыстарға, әлемдегі сауда-саттық пен инвестициялардың төмендеуіне байланысты. Халықаралық валюта қорының жаңартылған болжамы бойынша, **әлемдік экономиканың өсуі 2024 және 2025 жылдары 3,2%** болады.

Орталық банктер өзінің қатаң монетарлық саясатын сақтағандықтан, **жаһандық инфляциялық процестер** баяу қалыптасып отыр. Дегенмен, қазір дамыған елдерде **инфляция** орталық банктердің **нысаналы көрсеткішіне жақын**. Бұл жетекші елдердегі орталық банктердің ақша-кредит саясатын біртіндеп жеңілдетуге жағдай жасайды.

Қазақстанды алсақ, қазіргі экономикалық жағдай – тұрақты, динамика – оң. Биыл қаңтар-қыркүйек айларында **жалпы ішкі өнім 4,0%-ке** артты. Экономиканың барлық секторында өнім шығаруда өсім бар. Ең жоғары өсім ауыл шаруашылығында, құрылыс пен көлік саласында байқалып

отыр.

Инфляция біртіндеп төмендеп келеді. Қыркүйектің қорытындысы бойынша инфляция деңгейі **8,3%** болды. Бұл 2023 жылғы ең жоғары көрсеткішпен салыстырғанда **2,5 есе** төмен. **Алайда, бұл көрсеткіш Ұлттық Банктің 5%-тік таргетінен әлі де алыс.**

Инфляцияның баяулау үрдісіндегі маңызды фактор – **азық-түлік тауарлары инфляциясының 5%** деңгейінде тұрақтануы.

Алайда, **азық-түлікке жатпайын тауарлар** инфляциясының баяулау қарқыны төмендеп, **7,6%** құрады. Киім, аяқкиім, жиһаз және күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар, көмір, фармацевтикалық өнім, отандық жеңіл автомобильдер мен аудиовизуалды жабдықтар бағасының өсу қарқыны жоғары болып тұр.

Ақылы қызметтер инфляциясы өсуін жалғастырып, **13,6%-ті** құрады.

Жалпы, инфляция динамикасы Ұлттық Банктің болжамына сәйкес келеді. Инфляцияның төмендеуі – **ұстамды қатаң ақша-кредит саясатына, Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларына** байланысты.

Осыған орай Ұлттық Банк биыл жыл басынан бері **базалық мөлшерлемені төрт рет төмендетті.** Яғни, базалық мөлшерлеме **15,75%-тен** 150 базистік тармаққа – **14,25%-ке** дейін төмендеді.

Біздің болжамымыз бойынша, **2025** жылы инфляция **5,5-7,5%** дәлізінде қалыптасады. **2026** жылы таргетке жақындап, **5%-тен 7%-ке дейінгі аралықта** қалыптасады.

Сонымен қатар, болжам туралы айтқанда, **тәуекелдерді** де атап өту керек.

Біз мұнайға жатпайтын тапшылықтың жоғары күйінде қалғанын көріп отырмыз, бұл ретте жалпы тапшылықты жабу үшін бюджет – Ұлттық қордың трансферттеріне сүйенеді.

Осылайша, Ұлттық қорға қаражаттың түсуі мен оны алуда – баланс **теріс**. Яғни, **алынған қаражат оның түсімінен асып кетіп отыр**. Мұндай жағдайда, Ұлттық қор қаражатын көбейтетін жалғыз фактор – **инвестициялық кіріс**. Ол биыл тоғыз айда **10,27%** немесе **6,16 млрд доллар** болды. Тек осының арқасында **Ұлттық қордың активтері** жыл басынан бері 4,5%-ке өсіп, **62,7 млрд долларға** жетті.

Жалпы алғанда, биыл Ұлттық қордан берілетін тікелей трансферттер көлемі **5,6 трлн** теңгені құрады. Осыған ұқсас деңгей, яғни **5,3 трлн** теңге келер жылдың бюджетінде қарастырылды.

Енді Ұлттық қордан берілетін тікелей трансферттер мен басқа алымдар **көлемі барлық ақша массасының шамамен 16%-тін** құрайды.

Теріс әлеуметтік ықпалдан басқа, мұның бәрі ақша және валюта нарығына қысым көрсетеді, валюта бағамын бұрмалайды, отандық бизнеске кедергі келтіреді, экономиканың «голландтық ауруға» шалдығуына әкеп тіреуі

мүмкін. Бұл – проинфляциялық фактор. Сондықтан, монетарлық саясатымызды тезірек жеңілдетуге, базалық мөлшерлемені және банк кредиттерін, бизнес бойынша кредиттік мөлшерлемені төмендетуге мүмкіндік бермей отыр.

Қазір Парламентте **Салық кодексі** қаралып жатыр. Ол бюджет кірісін арттыру үшін **жүйелі шаралар** қабылдау жолында маңызды құрал бола алады. Жаңа Салық кодексі – **мемлекет бюджетін теңестіруде, дамыған елдердің тәжірибесіне** сәйкес салықтардың жалпы ішкі өнімге көрсеткішін арттыруда **тиімді құрал** бола алады.

Құрметті депутаттар!

Инфляция – **халықтың сатып алу қабілетіне және экономиканың тұрақтануына** әсер ететін маңызды экономикалық фактор. Инфляцияның жоғары деңгейі **халықтың әл-ауқатына, инвестицияларды** жоспарлауға теріс әсер етіп, **әлеуметтік тұрақсыздық** тәуекелін тудырады, нақты сектордың және тұтас экономиканың тұрақты дамуына кедергі келтіреді.

Сондықтан инфляцияны төмендету және тұрақтандыру – біз үшін ең маңызды міндет.

Осы міндетке сәйкес Ұлттық Банк инфляция динамикасын қадағалап, ақша-кредит саясатындағы **таразыланған және теңгерімді шешімдер** қабылдайды.

Біз Үкіметпен бірлесіп, **өз саясатымызды тығыз үйлестіре** отырып жұмыс істейміз. Бірлескен шаралар инфляция бойынша 5%-тік мақсатқа жетуге көмектесіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға және экономикамыздың орнықты өсуіне жағдай жасайтынына сенімдіміз.

Назарларыңызға рақмет!